

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №1 «Өркен» арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бракераж комиссиясы отырысының

Тараз қаласы

№7 ХАТТАМАСЫ

10.12.2025ж

Қатысқандар:

1. Ф.Ш.Казбекова – Мектеп-интернат директоры
2. Г.О.Утепова – Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. А.О.Шайымкулов – Бастауыш кәсіподақ төрағасы
4. Н.К.Калдановна - Тәрбиеші
5. Г.А.Картанова - Әлеуметтік педагог хатшы

Күн тәртібі:

1. Азық-түлік қоймасының санитарлық жағдайын тексеру.
2. Азық-түліктің сапасы мен жарамдылық мерзімдерін қарау.
3. Жеміс-жидектердің сақталу талаптарына сәйкестігін бағалау.
4. Қойма тазалығы, температуралық режим және сақтау талаптарын тексеру.

Тыңдалды:

1. Директор Ф.Ш.Казбекова сөзі:

Директор қойманың жалпы жағдайы, азық-түлік қорының жеткіліктілігі, қауіпсіз сақталуы туралы айтты. Азық-түлік сапасын сақтау және мерзімдерін бақылаудың маңыздылығы атап өтті. Комиссия мүшелері қойманың тазалығын, желдетілуін, жарықтандырылуын, температуралық режимін жан-жақты тексерді. Қоймадағы барлық азық-түлік өнімдерінің сақталу тәртібімен таныстырып өтті. Тексеру барысында өнімдердің сақтау ережелеріне сәйкес орналастырылғаны, белгіленген температураның сақталғаны, желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істейтіні анықталды.

2. Г.О.Утепова Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөзі:

Балалардың денсаулығы үшін сапалы және қауіпсіз азық-түлікпен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтты. Қоймадағы жүйелілік, санитарлық

талаптарды сақтау, өнімдерді ретті орналасуы көңіл толарлық екендігін атап айтты.

3. Н.К.Калданова комиссия мүшесі сөзі:

Сонымен қатар, қойма аумағының санитарлық тазалығы жақсы деңгейде екені, өнімдер арнайы стеллаждарға қойылып, еденге тікелей орналастырылмағаны, жарамдылық мерзімдерінің уақтылы белгіленіп отырғаны тексерілді. Жеміс-жидектердің бөлек жерде сақталуы, бүліну белгілерінің болмауы, қаптамаларының бүтіндігі назардан тыс қалмады.

Анықталған:

- Азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімдері: барлығы жарамды.
- Сапасы тексерілген өнімдер: талапқа сай, бүлінген өнімдер жоқ.
- Жеміс-жидектердің сақталуы: дұрыс, санитарлық талаптар толық сақталған.
- Сөрелер мен қаптамалардың тазалығы: жақсы деңгейде, шаң-тозаң жоқ.
- Талапқа сай келмейтін тұстар: анықталған жоқ.

Ұсыныстар:

1. Азық-түлік қалдықтарын уақтылы шығару және қойма аумағын жүйелі түрде дезинфекциялау.
2. Температуралық режимді тұрақты бақылау.

Шешім:

1. Азық-түлік сапасы мен жарамдылық мерзімдерін бақылау тұрақты жүргізілсін.
2. Тексерілген 10.12.2025ж қоймадағы азық-түлік сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Комиссия ұсыныстары орындауға қабылдансын.



Директор:

Ф.Ш.Казбекова

Хатшы:

Г.А.Картанова

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №1 «Өркен» арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Бекітемін:

Директор Ф.Ш.Казбекова

« 10 » 12 2025ж

Бракераж комиссиясының тексеру актісі №7

Біз төмендегі қол қоюшы комиссия мүшелері, мектеп-интернат директоры Ф.Ш.Казбекова, ДТЖО Ғ.Ө.Утепова, Бастауыш кәсіподақ төрағасы А.О.Шайымкулов, тәрбиеші Н.К.Калдановна, әлеуметтік педагог Г.А.Картанова, мектеп қоймасының келесі сұрақтары бойынша тексеру жұмыстарын жүргіздік

Тексеріс мақсаты:

Бракераж комиссиясы тексерісінің негізгі мақсаты – №1 «Өркен» арнайы мектеп-интернатының тағам өнімдерін қабылдау, сақтау, дайындау және үлестіру барысында санитарлық-гигиеналық талаптардың, азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасының, қойма жағдайының, азық-түлік жарамдылық мерзімдерінің сақталуы мен тағам дайындау технологияларының талаптарға сай орындалуын анықтау.

Тексеріс барысында мына бағыттар қарастырылады:

1. Азық-түлік қоймасының санитарлық жағдайын тексеру.
2. Азық-түліктің сапасы мен жарамдылық мерзімдерін қарау.
3. Жеміс-жидектердің сақталу талаптарына сәйкестігін бағалау.
4. Қойма тазалығы, температуралық режим және сақтау талаптарын тексеру.

Тексеріс барысында нықталған:

- Азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімдері: барлығы жарамды.
- Сапасы тексерілген өнімдер: талапқа сай, бүлінген өнімдер жоқ.
- Жеміс-жидектердің сақталуы: дұрыс, санитарлық талаптар толық сақталған.





- Сөрелер мен қаптамалардың тазалығы: жақсы деңгейде, шаң-тозаң жоқ.
- Талапқа сай келмейтін тұстар: анықталған жоқ.

Комиссияның шешімі:

Тексеру нәтижелері бойынша бракераж комиссиясы төмендегідей шешім қабылдады:

1. Қоймадағы барлық азық-түлік өнімдерінің сапасы мен жарамдылық мерзімдері талапқа сай, сақтау шарттары санитарлық нормаларға сәйкес деп танылсын.
2. Жеміс-жидек, көкөніс өнімдерінің сақталуы қанағаттанарлық, тазалық деңгейі нормативке сай екені анықталсын.
3. Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрақты түрде жоспарлы тексерістер жүргізіліп отырсын.

Комиссия құрамы:

- | | | |
|-------------------------------------|--|----------------|
| 1. Бракераж комиссиясының төрайымы: |  | Ф.Ш.Казбекова |
| 2. ДТЖО |  | Ғ.Ө.Утепова |
| 3. Бастауыш кәсіподақ төрағасы: |  | А.О.Шайымкулов |
| 4. Тәрбиеші: |  | Н.К.Калданова |
| 5. Әлеуметтік педагог хатшы: |  | Г.А.Картанова |